

Кашей А.К.,* Закириянова Ж.Х., Досумова А.С.

магистр, оқытушы, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен, Қазақстан
аға оқытушысы, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен, Қазақстан
оқытушы, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, Өскемен, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ СЫРЛЫ САЗДЫ СЫБЫЗҒЫСЫ

Автор корреспондент: arunda.30@mail.ru

Түйін: Бүгінгі таңда ұлттық құндылықтар, қазақ этносының рухани және тарихи мұралары арқылы жастарды патриоттық, еңбек, шығармашылық, эстетикалық, адамгершілік тәрбиелеу өзекті мәселе болып табылады. Ән мен күйде өскен бала өмірге көзқарасы, сүйіспеншілігі жоғары болады. Осы баптың мақсаты-ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Авторлар қазақ ұлттық сыбызғы аспабына, сондай-ақ Шығыс Қазақстан композиторының өмірі мен шығармашылығын талдауға, сыбызғыға арналған шығармаларды орындаушы Қалек Құмақайұлының өмірі мен шығармашылығын талдауға жүгінеді. Сыбызғы аспабының шығу тарихы мен сыбызғы жайлы зерттеушілердің еңбегіне сүйене отырып, талдау жасалған, аспаптың жасалу жолдары мұралы мәліметтер берілген. Ұсынылған материал музыканттарды дайындау барысында олардың "Қазақ музыкасының тарихы", "Қазақ музыкалық мәдениеті", "Шығыс Қазақстанның музыкалық мәдениеті", "Қазақстан тарихы" және т. б. курстарын оқыған кезде қолданылуы мүмкін

Кілттік сөздер: сыбызғы, күй, аспаптық музыка, тембр, аңыз, сарын.

Еліміз тәуелсіздігіне 30 жыл. Аз жылдың ішінде көптеген құндылықтарымыз дәріптеліп, еліміз рухани даму үстінде. Шүкір, әрине қуанамыз.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы болашаққа бағдар, күш-жігер беріп, арғы тегімізді түгендеп, тарихымызды жаңғыртып, келер ұрпақ мақтанып айта жүретіндей жобалар қолға алынып, ұлттық музыкалық мұраларымыз қайта жаңғыруда.

Күй адамның асқақ, асыл ойлары, арман- мақсаты, ізгі тілектері, қуанышы, қайғы-қасіреті мен әр түрлі сезім иірімдері бейнеленеді. Күйдің адам жан-дүниесіне тигізетін әсері орасан, сондықтан оны шынайы ықыласпен қабылдау арқылы ғана түсінуге болады. Қаншама ғасырлар бойы жинақталған музыкалық қазына- ұшы-қиыры жоқ, аса мол мұра. Әлемдік музыка қорына әр халық, ұлт өзіне тән өрнекпен өлшеусіз үлес қосып келеді. Музыка мәдениетінің өткеніне ой жүгіртіп, әр алуан тарихи деректерге жүгінсек, халық өнерінің қоры шексіз де, музыкалық аспаптардың түрі көп болғаны анық. Өткен ғасырлар үніне құлақ түрсек, біздің ата – бабаларымыз тастан, ағаштан, өсімдіктен, малдың терісінен, сүйегінен, мүйізден, ішектен, қылдан т. б. алуан түрлі заттардан дыбыс шығаруға болатынын аңғарып, қарапайым музыкалық аспаптар жасап алды.

Сол аспаптардың ішіндегі ерекше, сырлы сазды аспап- сыбызғы.

Сыбызғы – ағаштан, қурайдан жасалатын үрмелі музыкалық аспап. Тіпті жезден де жасалатын түрлері бар. Аспаптың жалпы ұзындығы - 600-650 мм, кейде 700-800 мм. Дыбысты түрлендіріп, құбылтуға себін тигізетін 3 немесе 4 ойығы болады. Алғашында бұл аспап ағаштан жасалғандықтан ағаштан жасалған музыкалық аспаптар тобына жатады. Басқа музыкалық аспаптармен салыстырғанда сыбызғыда дыбыс екі түрлі жолмен шығады. Бірі аспаптан шықса, екінші дыбыс сыбызғыда ойнап тұрған адамның тамағынан шығуы тиіс. Мұндай өнерді игерген адам сыбызғыда еркін ойнай алады.

Сыбызғы аспабының пайда болуы жайлы аңыздарды көптеп кездестіруге болады. Сол аңыздың біріне құлақ түрсек:

Баяғыда бір бала болыпты. Әке-шешесі жоқ тұл жетім екен. Көрінгеннің есігінде қаңғып жүреді. Бір үзім нан үшін жұрттың шошқасы мен сиырының соңында салпандап, айтқан шаруасын екі етпей орындайды. Ер жеткен соң бір ауқатты шаруаның сиырын бағуға жалданыпты. Күздің қара суығы екен. Төңіректі тұман шарлап, ызғырық жел өңменіңнен өтеді. Жұрт жылы үйден шыққылары келмейді. Ал жетім бала жалаң аяқ сыз

басып, сиыр жаяды. Суықтан тісі-тісіне тимей жаурайды. Жапан далада тоңғаннан не істерін білмей, өксіп-өксіп жылайды. Кенет қасына бір кішкентай шал келіп:

– Әй балам, неге жыладың? – деп сұрайды.

– Жыламағанда не? – дейді бозбала. Қожайын күнде үйден қуады. Жалаң аяқ, жалаң баспын, өлерше болдым.

Шал жетімді аяйды, әйтсе де қолынан келер қайран жоқ, өзінің аяғында жыртқыш шақай. Әрі-бері ойланып, қалтасындағы сыбызғыны алып, бозбалаға ұсынады.

– Осыдан басқа берерім жоқ, – дейді шал. Бірақ бұл жай сыбызғы емес, сиқырлы сыбызғы, емші сыбызғы. Әйтеуір бір күні пайдасы тиер. Бұл сыбызғыны үрлесек болды, кез-келген ауруды емдейді. Осыларды айтады да, әлгі шал ғайып болады. Бір күні ханның қызы ауырып қалып, емшілерді жинайды. Бозбала соны емдеуге барады. Сыбызғыда ойнағанда, қыз құлан-таза айығады. Хан жігітке қызын береді. Хан өлген соң, бозбала орнына хан болады. Дәл осы сәтте сиқырлы сыбызғы кенеттен жоқ болып кетеді.

Сыбызғы аспабының XVII-XIX ғасырларда қазақ даласына кең тарағаны туралы деректер ғалымдардың еңбектерінен орын алған. Зерттеуші Б. Сарыбаев “Қазақтың музыкалық аспаптары” атты еңбегінде КСРО халықтары этнографиясының мемлекеттік музейінде Ш. Уәлихановтың сыйға тартқан сыбызғысы сақтаулы екенін жазады. Сондай-ақ, орыс зерттеушісі А. Левшин 1932 жылы Санкт-Петербургтан шыққан “Описание киргиз-кайсацских орд и степей” атты еңбегінде “Қылқобыз және сыбызғы қазақтың басты аспаптарының бірі” деп айтқан болса, саяхатшы капитан И. Б.Андреевтің естелігінде қазақтың музыка аспаптары туралы сөз қозғалып: “Так же имеют так называемые сыбызгы, сделанные из толстой стволистой травы и деревянные, обвитые толстою нитью с несколькими дырками” деген деректер бар.

Этнограф И. Липаевтық да мәлімдеуі көңіл аударарлық. «Семей облысындағы қырғыз музыканттардың қолынан сыбызғыны көресің,— деп жазды ол.— Сыбызғы тал шыбықтан немесе басқа да сондай ағаштан жасалады. Үш жағына, тегінде сәндік үшін болса керек, терінің жұп-жұқа қыртысымен керілген жіңішке арқан жіп байланады. Түгіктің іші жақсылап ойылып, асқан шеберлікпен өңделген. Дыбыс шығаратын тесік үшеу ғана, ойнаған кезде саусақтың ұшымен ашылып-жабылады». Өткен ғасырдың аяғына қарай Қазақстанның бір қатар өңірлерінде бұл аспап тым сиреп кетеді. Сыбызғының, әр түрлі облыс тұрғындарының арасында бір мезгілде емес, біртіндеп жоғалғанын этнографтардың көптеген мәліметтерінен аңғаруға болады [1].

Сыбызғышы, зерттеуші Т.Мұқышев ағаш сыбызғының жасалуы жайлы мынадай деректер береді: экспедициялық сапармен Шығыс Қазақстан өлкесіне барғанында Зайсан ауылында тұратын сыбызғышы К.Құмақайұлының ағаш сыбызғының үлгісін жасағанын көріп, үйреніп бейне таспаға жазып алуға жолым түсті. Ол кісінің сыбызғыны ағаштан жасау тәсілі былай: Ең алдымен ұзақ уақыт кеуіп қатайған қарағайды, бұтағы жоқ түзу жерінен 55-60 см ұзындығында өлшеп кесіп алады. Одан кейін сыртын тазалап жұмырлап жонады, тазаланып болған соң ағашты ортасынан қақ бөледі. Бөлінген ағаштың ішкі жақтары ойылып өзек жасалады, өзектің іші тазартылып болған соң өзектің өрнек-өрімінің дәл қиылысуын бір-біріне келтіре отырып, қайта беттестіріп, желімдеп сыртынан шуда жіппен орап байлайды. Желім қатып мықтап ұстап қалғанша кептіріледі. Кептіріліп болғаннан кейін оралған жіпті шешіп, төменгі ұшынан өз өлшемі бойынша бірінші, одан кейін екінші-үшінші ойықтар отқа қыздырылған темірмен тесіледі. Ең соңында аспаптың бас жағынан, орта белінен және төменгі ұшынан ішекпен байланады. К. Құмақайұлының айтуынша бұрындары ағаш сыбызғының сыртынан да малдың өңешінің ақ шелімен немесе ішегімен қапталатын болған [2].

Сол ұмыт болған қазақ халқының аспаптарын қайта жаңғыртып, олардың кең түрде насихатталуына мол еңбек сіңіріп келе жатқан сыбызғышы, сазгер ағамыз Калек Құмақайұлы.

Калек Құмақайұлы 1930 жылы 20 мамырда дүниеге келген. Сыбызғыны 8 жасынан үйрене бастаған. Калек үшін бұл өнер 7 атасынан бері үзілмей жалғасып келе жатқан

дәстүр үрдіс еді. Әкесі Құмақай да, Өтеміс, Делдал және тағы басқа арғы аталары да елге сыбызғышы ретінде мәлім болған. Мәселен, әкесі Құмақай Шамғынұлы атамыз 1944 жылы Алтай қазақтарының көтерілісіне қатысып, Оспан батырды қолдауға әскер қатарына барады. Осы соғыста жүргенде ел-жұртын аңсап, “Сағыныш” деген күйін шығарады. Оспан батырдың ұйымдастыруымен өткен бір алқалы жиында құрыш деген атақты сыбызғышымен күй сайысына түсіп, жеңіп шығады. Кейін “Құрбыма” “Кең жайлау” сияқты күйлерді дүниеге әкеледі. Құмақайдан тәлім алған Кәбетай Уатқанұлы, Жұмайқан Тәшікұлы, Нағашыбай сияқты шәкірттері оның өнерін жалғастырған. Ал Делдал Сасанұлы атамыз Алтай Қовда аймағына аты шыққан сыбызғышы және батыр, қамшыгер адам екен. Оның “Жаяу Делдал” “Жеті атым” күйлері бүгінге дейін жетіп, орындалып жүр. Баян-Өлгей аймағының Тұлба Сұмынында 8 жылдық мектепті бітірген бозбала Кәлек атамыз ел арасындағы той-томалақтарда сыбызғы тартып, елге кеңінен таныла бастайды. 1958 ж жаңадан ашылған аймақтық МДТ-ына шақырылып, халық аспаптар оркестріне сыбызғышы болып орналасқан. Осы ұжымда қызмет атқара жүріп музыкалық білімін жетілдіре түседі. 1960 ж Баян-Өлгей аймағының 20, МДТ-ның 10 жылдығына арналған өнер байқауына өнер көрсетіп, үлкен сахына төрінде халық қошеметіне бөленген. Аймақтық танымал өнерпазына айналған атамыз Монғолияның 18 аймағында, 1965 ж Тува АССР-інде, 1967 ж таулы Алтайда, 1974 ж Қырғызстан, Польша, Германия, Чех және Мәскеу сахыналарынды өнер көрсетеді. 1967 ж таулы Алтайда зерттеуші ғалым Б.Сарыбаевпен кездесіп, ұнтаспаға сыбызғы күйлерін жазып береді. Атамыз 100-ге тарта сыбызғы күйлерін жеткізіп отыр. Жинақтағы аңыздар мен күйлердің барлығы атамыздың айтуы, орындауы бойынша алынған. Кәлек атамыздың шығарған “Алыстағы арман” “Бақыт құшағында” “Шопан сазы” атты күйлері бүгінге дейін шырқалып жүр.

Калек Құмақайұлы «Алыстағы арман» күйінің шығу тарихын былай деп баяндайды:

«Алыстағы арман» күйі сыбызғышы болуға ынтықтықтан туды. Театрға келіп, нотаны үйренгеннен кейін нотаға түсірдік. Сосын «мұны енді халықтың алдына шығарсам» деп ойладым. Одан кейін бүкіл қазаққа танытсам деген ой болды. Сол арманның бәрі орындалды. Калек Құмақайұлы сыбызғының шығуы туралы былай дейді: «Сыбызғы – жылқының азаны» деген аңыз бар. Жылқы күзеткен жылқышылардың ермегі болған деп те айтады. Енді бір аңыздарда сыбызғы Ескендір заманында шыққан деседі. Ел үдере көшкенде екі жетім бала құс аулап жүріп, жұртта қалса керек. Сол балалар алғаш қурайға үн салған екен. Сыбызғының басты ерекшелігі – жын-шайтанға бағынбайды. Олар адал аспап. Нағыз діни, киелі аспап. Мысалы, аңыз бойынша адам домбыраны жасап, «құлағын қайтып келтіреміз?», «тиегін қайтіп жонамыз?» деп, ақылы жетпей қойып кеткен жерінен ары қарай шайтан жасап кеткен деген аңыз бар. Бұл аңыз енді діншілдердің адамдарды домбырадан аластату үшін айтқаны да болуы мүмкін. Әйтсе де қобыз бен домбыраның үнімен нар идіріп, асау атты жуасытқан оқиғалар туралы көп айтылады ғой қазақ даласында. Ал сыбызғы жылқы қайырудан басқаға бағынбайды екен.

Қазіргі таңда сыбызғышы, сазгер атамыз Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Точка ауылында тұрады. Атаның ізін қуған шәкірттері Талғат Мұқышев және немерелері.

Монғолияның еңбек сіңірген қайраткері, атақты сыбызғышы атамыздың дені сау аман-есен отыра берсін. Біз ұрпақтарыңыз сіздермен мақтанамыз, сіздердей болмасақта болуға тырысып өз үлесімізді қосамыз [3].

Қазіргі күні ұлттық музыкалық аспаптарға деген сұраныс артып келеді. Жастардың көбі қазір ұлттық аспаптарға қызығушылық танытып, әртүрлі деңгейдегі өнер сайыстарына қатысып, рухани құндылықтарымызды дәріптеуде. Оған дәлел ретінде ұлттық аспаптардан құралған топтарды айта аламыз.

Бүгінгі таңда елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында «Шығыс Қазақстанның мәдени өнері» электрондық энциклопедиясы, «Ұлы даланың көне сарыны» аудио жазбалар жоспарланып жинақталуда.

Ұлттық рухты, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіріп, тыңдап өскен ұрпақ, өз елінің патриоты, рухты, мықты болып өсетіні сөзсіз.

Ал, сыбызғы аспабының сыры әлі де зерттеуді қажет етеді, оны жан жақты зерттеп, дамытып, дәріптеу әрине болашақтың еншісінде.

Әдебиеттер тізімі:

1. Облыстық «Дидар» газеті 2013 ж
2. «Ақиқат» газеті сыбызғышы, зерттеуші Т.Мұқышев «Қазақ халқының сыбызғы өнері» тамыз 20, 2010ж
3. «Шығыс жұлдыздары» энциклопедиялық анықтамалық 1 том Астана 2011м, 347 бет

Аннотация: На сегодняшний день актуальной проблемой является патриотическое, трудовое, творческое, эстетическое, нравственное воспитание молодежи через призму национальных ценностей, духовного и исторического наследия казахского этноса. Ребенок, выросший на песнях и кюях, обладает более возвышенным отношением к жизни. Цель данной статьи - популяризация национальных ценностей. Авторы обращаются к казахскому национальному инструменту сыбызгы, а также к анализу жизни и творчества восточно-казахстанского композитора, исполнителя произведений на сыбызгы Калек Кумакайулы. В статье представлена история происхождения инструмента сыбызгы, проанализированы труды восточно-казахстанских исследователей, приведены сведения о способах изготовления инструмента. Представленный материал может быть использован в процессе подготовки музыкантов при изучении ими курсов «История казахской музыки», «Казахская музыкальная культура», «Музыкальная культура Восточного Казахстана», «История Казахстана» и др.

Abstract: Today the actual problem is patriotic, labor, creative, aesthetic, moral education of youth through the prism of national values, spiritual and historical heritage of the Kazakh ethnic group. A child who grew up on songs and kyui has more elevated attitude to life. The purpose of this article is to popularize national values. The authors turn to the Kazakh national instrument sybyzgy, as well as to the analysis of life and work of the East Kazakhstan composer, performer of sybyzgy works Kalek Kumakayuly. The article presents the history of the origin of sybyzgy instrument, analyzes the works of East Kazakhstan researchers, provides information about the methods of making the instrument. The presented material can be used in the process of training musicians in the study of courses “History of Kazakh music”, “Kazakh musical culture”, “Musical culture of East Kazakhstan”, “History of Kazakhstan”, etc.